



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Хабарландыру

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2023 жылдың 23 қараша күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

1.Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

2.Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың 10 айында атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

3.Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

4.Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

5.Құмкент ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

6.Жартытебе ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

7.Басқада мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 23 қараша күні сағат 9:00-де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

Созақ аудандық
Қоғамдық кеңес төрағасы
М.Сапаров

Баспасөз-2024

«Созақ үні» оқырмандармен бірге,
жазылуға асығыңыздар!

Келер жылы аудан айнасы «Созақ үні» газетінің жарық көргеніне 94 жыл болады. Осынау мерзім ішінде тоқсан бес жылға жуық тарихи бар басылым билік пен бұхара арасында алтын көпір қызметін атқаруда.

Ауданның жаңалығынан уақтылы хабардар болып, рухани байлығыңызды байытқыңыз келсе, өңіріміздің сөз жариясы «Созақ үніне» жазылыңыз!

Газеттің шығармашыл ұжымы оқырмандарға қызмет көрсетуге, сіздердің ой-пікірлеріңізді тыңдауға, басылым бетінде жариялауға қай уақытта әзір.

Жазылу индексі: 64450

Редакция арқылы жазылу-2500 теңге

Қазпошта мекемесі арқылы-2662,74 теңге.

Мекемелер үшін-3862,74 теңге.



Зардап шеккен кеншілердің отбасына жан-жақты көмек көрсетіледі

Мемлекет басшысы, жер астында қалған кеншілерді құтқару, зардап шеккен және қаза болған азаматтардың отбасыларына жан-жақты көмек көрсету – кезек күттірмейтін міндет екенін айтты. Бұл туралы Ақорда ресми телеграм арнасында хабарлады.

«Ең алдымен, құтқару жұмыстары жүргізіледі. Екіншіден, зардап шеккендер мен медициналық көмекке мұқтаж азаматтардың нақты санын анықтауымыз керек. Үшіншіден, осы апаттан зардап шеккендердің барлығының отбасына материалдық көмек көрсе-

теміз. Егер қажет болса, арнайы қор ашамыз. Мұнымен өзім айналысамын», деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қазіргі уақытта кеншілердің зейнетке шығу жасына қатысты мәселе қарастырылып жатқанын айтты.

Қазақ қызы «тарихи алтынға» қол жеткізді

Мажарстанның бас шаһары Будапеште өтіп жатқан әлем чемпионатында каратэден Қазақстан құрамасы үш медаль жеңіп алды. Бұл туралы Ұлттық олимпиада комитетінің ресми сайты хабарлады.

50 келіге дейінгі салмақта Қазақстан спорт-



шысы Мөлдір Жаңбырбай еліміздің тарихында каратэден тұңғыш рет әлем чемпионатында құрама қоржынына алтын медаль салды.

60 келіге дейінгі салмақ бойынша Қайсар Алпысбай күміс жүлдені қаңжығасына байлады, ал, 67 кг дейінгі салмақ дәрежесіндегі Дидар Әмірәлі әлем чемпионатының қола жүлдесіне қол жеткізді.



Бұдан былай OLX-тағы есірткі курьерлерін жалдау хабарламалары бұғатталады

Ішкі істер министрлігінің ресми өкілі Шұғыла Тұрлыбек балалардың есірткі қылмысына араласу қаупін азайту үшін қандай жұмыс атқарылып жатқанын айтты. Оның сөзіне қарағанда, ел билігі OLX компаниясымен есірткі курьерлерін жалдау туралы хабарландыруларды бұғаттау туралы келісімге келген.

Шұғыла Тұрлыбек кәметке толмағандар мен жастар есірткі таратып жүрген жерінен көп ұсталып жатқанын мәлімдеді. Мұндай қыл-

мыстар ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырумен жазаланады.

Дегенмен ол есірткі курьерлерін жалдау үшін электронды коммерция платформалары пайдаланылатынын айтты.

«Қазірдің өзінде Қазақстандағы OLX өкілдігімен тиісті келісімге қол жеткіздік. Қазақстанда әлеуметтік желілердің өкілдігін ашу бойынша келіссөз жүргізіліп жатыр», деді Шұғыла Тұрлыбек.

«Созақ үні»-ақпарат.



қайта жаңғыруы—Жаңа Қазақстан өкілдерінің өз тарихи бастауын мойындауы болып табылады. Сондықтан осынау күн тәуелсіздік жолындағы халқымыздың тарихи еңбегінің символы болып қала береді. Ұлттық мереке күні баршаңыздың отбасыларыңызға амандық, мол бақыт, баянды да ұзақ ғұмыр тілеймін,—деген аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Әбілдаұлы еңбек ардагерлерінен бастап, түрлі салада табысты еңбек еткен бірқатар маман иелерін

РЕСПУБЛИКА КҮНІ МЕРЕКЕЛЕНДІ

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде Ұлттық мереке - Республика күніне арналған «Жаса, жайна Қазақстан!» атты салтанатты шара өтті.

Мемлекеттік Әнұранды орындаумен басталған шарада сөз алған аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов Республика күні мазмұны жағынан маңызды, тарихи мереке екенін атап атап өтті.

—1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. 2009 жылы “Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы” заңға өзгеріс

енгізіліп, Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен шығарылды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев, өткен жылы Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайда «Республика күні еліміздің мемлекеттілікке бағытталған тарихи қадамының символына айналуы тиіс» деп 25 қазанды Ұлттық мереке ретінде атап өтуді ұсынды. Осылайша 13 жылдан бері елеусіз қалған атаулы күнді, ел Президенті қайта жаңғыртты. Республика күні мазмұны жағынан маңызды тарихи мереке екенін атап өткеніміз жөн. Бұл мерекенің

алғыс хатпен марапаттап, құрмет көрсетті.

Сонымен қатар, аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Мыңжасар Асқаров ізгі тілегін арнап, бірқатар сала мамандарына Мемлекеттік мекемелер кәсіподағы Түркістан облыстық комитетінің «Еңбек озаты» төсбелгісі мен Түркістан облыстық салалық кәсіподағының «Құрмет» грамотасын табыс етті.

Мерекелік шара «Мыңжылқы» мәдениет үйі өнерпаздарының ұйымдастыруындағы концерттік бағдарламаға ұласып, жиналған жұртшылық шат-шадыман күйде тамашалады.

«ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні қарсаңында Ақорда төрінде еліміздің бір топ азаматтарына мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар табыстады. Мемлекеттік марапатқа ие болған азаматтар қатарында Жартытөбе ауылының тұрғыны Мұрат Есенқабыловта болды. Сын сағатта жаңшыра отқа түсіп, өзгегің жанын оттан



арашалап, батылдығының арқасында өзгелерге үміт сыйлаған Мұрат Лесбекұлын ел Президенті «ЕРЛІГІ ҮШІН» медалімен марапаттады.

Айта кетейік, Мұрат Лесбекұлы естіген елдің қабырғасын қайыстырған КХ2 Ұланбел-Созақ-Шолақорған-Екпінді тас жолының Шыбыт-Шаян елді мекенінің аралығында орын алған ірі жол-көлік апатын бастан өткерген. Оқиға орын алысымен көліктен түсіп, ең алдымен қасындағы жүргізуші жігітті, одан соң қарсы бағыттағы отқа оранған көлікке ұмтылып, ішіндегі жолаушыларды біртіндеп қауіпсіз жерге шығарып, көзсіз ерлік көрсете білді.

СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Аудан аумағында бөлім, мекеме мамандары, кәсіпкерлік нысандардың иелері мен тұрғындардың қатысуымен жаппай сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Тазалық жұмыстарына 1480 адам жұмылдырылып, 13 арнайы техникалар тартылды. Тазалық жұмыстары барысында 38 шақырым көше бойлары, 11 шақырым аяқ жолдар ретке келтірілді. Сондай-ақ Шолақорған-Түркістан бағытындағы «Жасыл белдеу» аумағы тазартылды. Әлеуметтік нысандардың аулаларына, саябақтарға және “Жасыл белдеу” аумағына 2480 түп ағаш көшеттері отырғызылды.



Сенбілік аясында 70 тоннадан астам құлқыстар арнайы қоқыс тастайтын полигондарға тасымалданды.

ЖЫРЫМ ЕЛІН ТЕРБЕТКЕН



Созақ аудандық орталық кітапханасы оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің ұйымдастыруымен ақын, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, Ескермес Жақсымбетұлының 75 жыл толуына орай қаламгердің дүние есігін ашқан Қарағұр ауылында «Жырымен елін тербеткен» атты еске алу

кеші өткізілді.

Еске алу кешіне Ескермес Жақсымбетұлының жақын туыстары: Есенқұлов Әби, Есенқұлов Ануарбек, Есенқұлова Гүлнара, Ескермесұлы Айдос, Өтепбергенова Қаламқас, Сәтжанова Айман, Ескермес Жақсымбетұлының «Бала ғашық» әнінің бас кейіпкері Әжібаева Ай-

сұлу, Ескермес Жақсымбетұлының шәкірті Алмас Қожабеков, кітапхана қызметкерлері, ауыл тұрғындары қатысты.

Ескермес Жақсымбетұлын еске алу кешінде өмір деректемелері айтылып, Қарағұр мәдениет үйінің өнерпаздары қаламгердің сөзіне жазылған әндерін орындаса, оқырмандар ақынның патриоттық рухтағы өлеңдерін нақышына келтіріп жырлады.

Қаламгердің жарқын бейнесі еске алынып, естеліктерден сыр шертіліп, ет-жақын туыстары Ескермес Жақсымбетұлының өмірінің соңында жазып қалдырған «Молда Мұса» романын, тағыда басқа бірнеше кітаптарын кітапханаға сыйға тартты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жолдауды қолдау

Білімді ел биіктерден көрінеді

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында Қазақстан халқы азаматтары ең бірінші кезекте білімді болуы керектігі және білім саласында зор жетістіктерге қол жеткізуге болатыны туралы айтады. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстан елінде ең классикалық университет және еліміздің барлық жоғарғы білім беру жүйесінің тірегі болып саналады. Бұл университет ғылыми инновациялық дамуының алдыңғы қатарында. Университетте әр алыс, жақын елдің аймағынан келген студенттер білім алуда.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті гуманитарлық және техникалық мамандықтары бойынша бакалаврларды, магистранттарды, докторанттарды дайындау үстінде. Мысалы, магистранттармен докторанттарға екі адамның ғылыми жетекшілік ету тәжірибиесі берілген. Шетелде тәжірибиелік практикасын өтуге мүмкіндігі бар. Университетімізде 15 факультет бар және олар әр түрлі саланы қамтиды. Универси-

тетте студенттер жан – жақты терең теориялық даярлықтан өтеді. Университетке тән ерекшелік - оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының үйлестіріле жүргізіледі. Университетімізде ең ірі корпоративтік интернет жүйесі бар және оқу залдарымен, жатақханаларымен жақсы қамтылған. ҚазҰУ-ті көптеген шетелдік университеттермен келісім шарт жасаған. Жастардың білімді, білікті маман иесі болуына жақсы бағыт бағдар. Корея Республикасы «Hankuk University of Foreign Studies», Тайвань «Ching Yun University» аталған университеттермен серіктес университет болып табылады. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Рейтинг.kz» зерттеу орталығы жүргізудің қорытынды бойынша орын алуда. Осы Қара шаңырағымыздан талай танымал қоғам қайраткерлері, депутаттар, ақындар, көк туымызды желбіреткен спортшылар және өз ісінің мамандарын тәрбиелеп шықты.

**Ж.ҚАРАШЕВА,
С.АЛДАШЕВ,
Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к.**

Білім нұрын жұртына шашқан

Сонау мектеп қабырғасындағы жылдар әлі күнге жадымызда тұр. Балалық шақ ойын қызығымен зыр етіп өте шыққандай. Әйтсе де мектеп қабырғасындағы жылдар өз бетінше бір тарих. Бір әңгіме. Күнделікті сабаққа дайындалып болған соң кеш батқанша асыр салып ойнаймыз. Қас қарая үй босағасын аттайсың. Кешкі шәй үстінде апам жарықтық: «Раматтың баласы оқу бітіріп мектепке мұғалім болып келіпті ғой. Сендерге дәріс оқиды ма?»-деп сұрады.

«Апа, иә жаңадан Талғат деген ағай келді. Бізге трактордан сабақ береді дедім. —«Е, Рамат көкемнің ұлы да, қызы да жақсы оқиды. Тәртіпті. Солардан болашақта жақсы азамат пен азаматша шығады» деп Жеңіс айтып отыратын. Екеуіне Жеңіс дәріс оқыса керек,- деді апам тірлігін қоса атқара жүріп әңгімесін жалғады.

Біз ес білген шақтан Талғат ағайдың әкесі Рамат көкеміз совхоздың май құю бекетінде жұмыс атқарды. Сол жұмыстан зейнет демалысына шықты. Оқу бітіріп келген соң Талғат ағай өзі білім алған білім ордасы Ф.Энгельс атындағы орта мектебінен еңбек жолын бастады. Ұстаздық еңбек жолын бастаған жылдан 1967 жылы туылған оқушыларға класс жетекші болды. Бойдақ жігіт көптің көзіне тез түссе керек. «Рекеңнің баласы биязы, сыпайы, білімді екен» деген сөздер қосыла өрбитін. Көбіне, өзі қалаған ұстаздық мамандығы болған соң, еш нәрсеге назар аудармай тек ауыл балаларына білім берумен айналысты. Біз сегізінші класс оқып жүргенде Түркістан ауданының Көкарал деген мақталы совхозына мақта теруге бардық. Сол жылы көмек науқанына Сырманов Қуандық ағай басшы болып, Талғат ағай қосшы

лықан, елге абыройлы азамат керек болып, Қарақұр ауыл әкімі аппаратына жұмысқа шақырылып, бірденнен іс басқарушы-ауыл әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалды. Ауыл әкімі іс басқарушысы деген лауазым оңай қызмет емес еді. Ауыл халқының саны, оның ішінде әлеуметтік мұқтажды, жұмыссызы, оларды жұмыспен қамту, көше, ауыл тазалығы, көріктендіру-көгалдандыру жұмыстары, мал басының санын арттыруға жағдай жасау, өндіріс орындарымен тығыз байланыс орнату, әскерге шақырылушылармен жұмыс, әкім аппаратының қаулы, шешімдерін әзіреу, ауыл әкімінің азаматтарды қабылдауын ұйымдастыру, жеке азаматтармен жұмыс, көктемгі егіс, әйтеуір айта берсе тіл жетпейтін ұшан-теңіз тапсырмалар шаш етекпен келетін. Одан қала берді аудан орталығында, облыс орталығында болатын апта сайынғы жиналыстар жас жігітті ширата түсті. Жалынды азамат өзінің жастық жігерін туған ауылының гүлденуі мен өркендеуі жолына жұмсады. Өз ісіне зор жауапкершілікпен қараған маман өзі қалаған биіктерге қарап талмай талаптана түсті. Әрине, бір ауылда тұрған соң, ауылдастарының бірі аға, бірі туыс, бірі құда-жекжат болатын. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағиданы берік ұстанбаса да барынша ақ-қарасын ажыратып әділ болуға тырысты. «Қыз мақтаған жігітті, ел жақтаған» деген сол болар. Талғат Раматұлына мектеп директоры лауазымы ұсынылды. Қанша қиын еді дегенмен де өзі талай жылдар атқарған қызметін де қимады. Ұстаздар қауымы, басшылық қолдап қуаттаған соң ұстаздық сурлеуге қайта түсті. Артық ауыз сөзі, кекесін келемежі, өзгеге тиген зәбірі, біреуде кеткен кегі жоқ



Малбағаров Талғат Раматұлы 1960 жылы 20 қазанда Созақ ауданы, Қарақұр ауылында дүниеге келген. Ф.Энгельс атындағы орта мектепті (қазіргі «Қарақұр» жалпы білім беретін мектебі) 1977 жылы бітіріп, осы жылы Шымкент педагогика институтына түсіп, 1982 жылы аталған институттың толық курсын жалпы техникалық пәндер, еңбек және физика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

Алғашқы еңбек жолын 1982 жылдың 15 тамызынан бастап «Қарақұр» орта мектебінде мұғалім болып бастады. 1985-1989 жылдар аралығында «Қарақұр» жалпы орта мектебі мұғалімдер бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болып қоғамдық жұмыс атқарды. 1989 жылдың 23 қарашасынан 2005 жылдың 18 наурыз аралығында Қарақұр ауыл әкімі аппаратында бас маман іс-басқарушы болып қызмет атқарды.

лығының «Алғыс хатымен», 2020 жылы облыстық кәсіподақ комитетінің «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер» төсбелгісімен марапатталды. 2022 жылы аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталса, 2023 жылы облыстық білім басқармасының құрмет грамотасына ие болды. 2018 жылдан бастап Т.Малбағаров басқарып отырған «Қарақұр» жалпы орта мектебі аудандағы жетекші мектептердің қатарында. Еліміздегі білім беру саласындағы қарқынды жүріп жатқан жаңалықтардан қалыс қалмай, мектептің оқу-тәрбие үдерісіне заман талабына сай жаңартылған мазмұнда білім беру өзгерістерін енгізу мақсатында мектептің даму жоспарын жасап, нағыз көшбасшы мектеп болуды ұйымдастырып отыр.

Малбағаров Талғат Раматұлы жұмыс арасында сыйлы, беделді басшы. Мықты көшбасшы. Отбасылы. Отбасында бір қыз, төрт ұлы бар. Отбасында жұбайы, қызы, үш ұлы, келіні және екі немересімен тұрады. Жұбайы Алтыбаева Ділбар зейнеткер. Мұғалім болып жұмыс істеген, ардагер ұстаз. Үлкен ұлы Малбағаров Берік жеке кәсіпкер. Келіні Тасжанова Асылзат ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Үш ұлы жоғары білімді, түрлі салада жұмыс істейді.

Зейнет жасына еңбекпен жетіп отырған Талғат Раматұлының әлі де жастарға, жас ұрпаққа берері мол. Тәрбие, білім, аға буын ардагер ұстаз ретінде өмір белестері мен мол тәжірибесінен бөлісіп, болашақ ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеуге күш-қуаты, қажыр-қайраты жетеді деп ойлаймын. Педагогика саласында және мектеп басшылығында тынбай еңбек еткен Талғат Раматұлы артынан ерген ұжымы мен шәкірттеріне еңбек етудің үлгісін көрсете білді. Білім саласындағы



болып мақта науқанында біздердей оқушыларға бас-көз болды.

Жоғары кластың балалары жас ұстаз болғандықтан жассынып Талғат ағайдың айтқан тапсырмаларына онша-мұнша құлақ аспайтын сәттері болды. Сонда Талғат ағай өзінің ұятты қалжыңымен, салмақты көзқарас, байыпты пікірімен оқушылардың санасына жол таба білетін. Арада жылдар өте мектепке төселіп, кәнігі ұстаздардың қатарына қосылды. Қарпайым ауыл мұғалімі аудан деңгейінде есімі танылды. Себебі, сол жылдары Ф.Энгельс атындағы орта мектептің ұстазы Талғат Раматұлы Малбағаровтың озық іс-тәжірибесі ауданға таратылды. Өз мамандығы шеңберінде ұстаздық қызметін жалғастыра беруге де болатын еді. Мемлекеттік қызметке де іскер, тәрбиелі, өтілі мо-



Талғат ағайға аудан әкімдігі мен білім бөлімі мектепті сеніп тапсырып, сенім жүгін артты. Мектеп саласында жүргенде де Талғат Раматұлы көптеген істерге бастамашы бола білді. Қанша ма шаралар ұйымдастырылды. Осылайша Қарақұр жалпы орта мектебі көптің көңілінен шығардай биік жетістіктерге қол жеткізді.

Талғат Раматұлының ұстаздық еңбек жолында жарқын беттер көп болды. Көптеген шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық сайыстарда жүлделі оралып, мектеп абыройын асқақтатта түсті. Талғат ағайдың өзі де аудан, облыс деңгейіндегі алдыңғы қатарлы жаңашыл мектеп басшылары қатарында болды. Аудан көлеміндегі көптеген өзінен кіші іні-қарындасты директорларға ағалық ақылын айтып оң жол, дұрыс бағыттар көрсете білді.

2005 жылдың 19 наурызынан бастап бүгінгі күнге дейін «Қарақұр» жалпы орта мектебінің директоры болып қызмет атқарып келеді.

Т.Малбағаров мектеп басшылығы қызметінде жүріп біршама жетістіктерге қол жеткізді. Мектепте оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, басқару барысында жеткен жетістіктері жоғары басшылық тарапынан жоғары бағаланып 2013 жылы облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасымен», 2019 жылы Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдарының басшыларының біліктілігін арттыру, білім беру бағдарламасы бойынша өткізілген курста жоғары нәтижелер көрсеткені үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығының «Алғыс хатымен», Түркістан облысының білім басқармасы, облыстық әдістемелік орта-

жұмыс тетіктерін дәл тауып, оны ғылыми тұрғыда дамытуға күш салып сапалы нәтиже көрсете алды. Іскерлік қабілеті мен ақыл парасатын көрсете біліп ұжымда зор абыройға ие болып отыр.

«Бейнеттің түбі-зейнет» деген екен атам қазақ. Ендігі тұста салмақты зейнеткерлік жасқа жеткен Талғат Раматұлына ризашылық алғысымызды білдіре отырып, талай жылдардағы аққан тер, адал еңбегінің зейнетін көріп, жан-жарымен бірге айнала қызықшылықтарға молығып, ұл-қыздарынан өрбіген немерешөберелерінің қуаныштарын көре берулеріне тілектеспіз!

Мақсат ҚАРФАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

2023 жылғы қаңтар-қыркүйекке Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

Table with 3 columns: indicator name, 2023 жылғы Қаңтар-қыркүйек, 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекке, 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекке, %-бен.

КӘСПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2023 ЖЫЛҒЫ І ҚАЗАҢҒА ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

Table with 2 columns: indicator, 2023 жылғы 1 қазандағы бірлік.

Созақ АСБ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2023 жылдың 1 қазанға 5 092 бірлікті құрады.

2023 жылғы 1 қазанға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Table with 7 columns: Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы, ШОК заңды тұлғалары, дара кәсіпкерлер, Шаура (шаура-фермер) кооперативтері.

1) Жедел деректер. 2) Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

БЖЗҚ

Басты бұрышта салымшылар мүддесі тұруы керек

Қазақстандық зейнетақы жүйесінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған сұхбаттар топтамасының жалғасы ретінде зейнетақы жүйесін реформалаудың қайнар көзінде тұрған және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеп, іске асыруға қатысқан Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы кеңесінің төрағасы Елена Леонидовна Бахмутовамен әсерлі әңгіме өтті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Хабарландыру

Түркістан облысы Созақ ауданы Таукент кенті әкімдігінің басшылығымен 2023 жылғы "4" желтоқсан күні сағат 12:00-де Таукент кенті әкімдігінің ғимаратында (Таукент кенті) "Қазатомпром-SaUran" ЖШС кен орындарының тауарлық десорбаттарынан уранды тікелей пероксидті тұндыруды жүзеге асыру үшін аффинаж цехын қайта жаңарту тақырыбында қоғамдық тыңдау өтеді.

Объявления

Под руководством Акимата поселка Таукент Созакского района Туркестанской области «4» декабря 2023 года в 12:00 часов в здании Акимата поселка Таукент (п. Таукент) состоится общественное слушание по теме: «Реконструкция аффинажного цеха для осуществления прямого пероксидного осаждения урана из товарных десорбатов месторождений ТОО «Казатомпром-SaUran».

«Браконьер» өңірлік жедел-профилактикалық іс шарасы

Броконьерлікті, биологиялық ресурстар объектілерінің заңсыз айналымын анықтау мен жолын кесу мақсатында ІІМ жедел-профилактикалық іс-шаралар және арнайы операциялар өткізудің 2023 жылдың 4 тоқсанына арналған кестесінің 6 тармағына және Түркістан облысы полиция департаментінің 19.10.2023 жылғы №44-13-30-б-46/343-І санды талабына сәйкес, 2023 жылдың 20 қазан 19 қараша аралығында Созақ ауданы аумағында «Браконьер» өңірлік жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Т.ЖЫЛҚЫБАЕВ, Созақ АПБ-нің ЖПҚ-нің бастығы полиция майоры.

Балық аулау демалыстың керемет түрі, алайда қауіпсіздік ережелерін сақтамау саңыз ол өте қауіпті. Шағын көлемді кемелер немесе қайықтармен балық аулау және аң аулау алдында, қайыққа отырмас бұрын оның ескектерінің және олардың бекіткіштерінің, сонымен қатар қытқару шеңбері мен суды сарқып алу үшін ожаудың болуын

қатаң тиым салынады. 4. Қайықтың жарамдығын тексеру, оны қытқару жилеті, қытқару шеңбері мен белдіктермен жабдықтау. 5. Қайықта шелектің немесе ондағы суды сыртқа шығару үшін ыңғайлы басқа да ыдыстардың болуы. 6. Балық немесе аң аулауға керекті құрал-жабдықтарды кеме бортының

Балық аулау кезіндегі қауіпсіздік ережелері

қадағалап қарап алу қажет. Қайыққа отыруды аса сақтықпен жүргізу қажет. Ортасынан басып, отырғышқа бірқалыпты отыру керек. Шағын көлемді кемелер мен қайықтармен балық аулау және аң аулау кезінде сақталуы тиіс қарапайым қауіпсіздік ережелері: 1. Өзімен бірге міндетті түрде медициналық қобдиша, қолшам, жергілікті жердің картасы, өзінің орналасқан орыны туралы хабарлағыш құралдарының болуы тиіс. 2. Балық немесе аң аулау орнын мұқият тексеріп қарап алу. 3. Мас күйінде немесе есірткіге масайған күйде балық немесе аң аулауға

бойына, ал қалған бұйымдарды (киім, қолсөмке, чехол) қайықтың отырғышының астына, тұмсығына немесе артқы бөлігіне жинақы орналастырыңыз. Қандайда бір төтенше жағдайға тап болсаңыз «101» немесе «112» немесе 4-25-76 нөміріне хабарласыңыз. Мағжан ӨСКЕН, Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты. С.СЕЙДАХМЕТОВ, Бөлім бастығының м.у.а азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Қызылша ауруының алдын алу

Қызылша – адамдар үшін аса contaгиозды жұқпалардың бірі, өйткені инфекция көзімен жақын қарым-қатынаста болғаннан кейін қызылшаға қарсы вакцинацияланбаған адамдардың 90%-дан астамы ауырады. Ауру адамнан адамға ауа арқылы, тыныс алу жолдарының тамшыларымен немесе жұқтырған адамдардың мұрының немесе тамағының бөлінісімен тікелей байланыста болады. Балалар арасындағы аурушандық негізінен вакцинациядан бас тарту себебінен, сондай-ақ вакцинациядан медициналық босату және егу жасына жетпеу салдарынан тіркеледі. Қызылшаны жұқтырудан, сондай-ақ олардың асқынуынан сақтандыратын жалғыз тиімді құрал тек вакцинация екендігін еске сала-

ды. Қызылшаға қарсы вакцинация 1 жаста және 6 жаста 2 рет жасалады, бұл вакцинацияланған адамдарда өмір бойы болатын вакцинациядан кейінгі иммунитетті дамытуға мүмкіндік береді. Қызылшаға қарсы вакцинаның әрбір алынған дозасы баланың иммунитетін күшейтеді. Екпелерді жүргізу үшін ДДҰ сертификаттаған және тіркелген қызылшаға, қызамыққа, эпидемиялық паротитке қарсы аралас вакцина қолданылады. Вакцинация тұрғылықты жері бойынша ауылдық емханалардың барлық егу кабинеттерінде тегін жүргізіледі. Аудандағы тұрақсыз эпидемиологиялық жағдайға байланысты аурудың белгілері пайда болған кезде мыналарды қатаң түрде

ұсынады: - өзін-өзі емдеумен айналыспау, дәрігерді үйге шақырып және дәрігердің нұсқауы бойынша ем алу; - үйде болу, жұмыс орындарына, сондай-ақ қоғамдық орындарға бармау (әсіресе, амбулаториялық емделіп жатқан науқастар үйде оқшаулауды қатаң сақтауы керек); - науқас балаларды жазғы сауықтыру лагерьлеріне, ұйымдастырылған ұжымдарға және т.б. жібермеу. Ауруды емдеуден гөрі оның алдын алу оңай екені есіңізде болсын! М.ӘШІРЕПІЕВ, Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

